

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 469 бұйрығына 99 - қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 539 - қосымша

Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін
үлгілік оқу бағдарламасы

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін «Бейнелеу өнері» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Оқу пәнінің мақсаты – білім алушыларды заттардың пішінін, құрылымын, шамасын, түсін, олардың кеңістіктегі орнын дұрыс қабылай білуге және оларды бейнелеу құралдарының көмегімен бере білуге үйрету.

3. Оқу пәнінің міндеттері:

1) графикалық дағдыларды және оларды оқу және тәжірибелік әрекеттерде пайдалана білуді дамыту және қалыптастыру;

2) жанасымдылық, кинестикалық, көру талдауыштарды тірек ете отырып, оларды бейнелеу процесіне қажетті материалдармен және құралдармен таныстыру;

3) тапсырманың мақсатын түсінуге және оны өздігінен немесе ересек адамның көмегімен орындауға, қимаүлгілерді пайдалануға, нобай бойынша сурет салуға, бөліктерінің суреттерін аяқтауға, сызықтан шықпай бояуға үйрету;

4) бейнелеу өнеріне деген қызығушылықты қалыптастыру және қабылдауға қолжетімді бейнелеу өнері шығармаларымен таныстыру;

5) білім алушылардың танымдық аймағындағы кемшіліктерді жүйелі және мақсатты бағытталған дамыту арқылы түзетуге көмектесу;

6) қимыл-қозғалыстық аймақты вариативтік және дүркін-дүркін қайталанып отыратын сан алуан түрлі бейнелеу құралдарын және материалдарды пайдалана отырып түзету;

7) сәндік және тақырыптық сурет салу, тікелей заттың өзіне қарап сурет салу, оларды оқу, еңбек процесінде және қоғамдық пайдалы әрекетте пайдалану дағдыларын қалыптастыру;

8) білім алушыларда көркемдік талғамды, бейнелеу әрекетіне деген қызығушылық пен сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. Бағдарламаның мазмұнында меңгеру үшін құрылымы бойынша жеңілдетілген, көлемі бойынша қысқартылған, жинақтау деңгейі бойынша қарапайым, сондай-ақ білімнің осы саласына тән болатын, құрылымдық біртұтастығы сақталған білім жүйесі қарастырылады.

5. Бағдарламада оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша Бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

6. Құндылыққа, іс-әрекетке, коммуникативтік, тұлғаға бағдарлық тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

7. Тұлғалық бағдарланған білім беруді өзара қарым-қатынаста өктемшілікке жол бермей жүзеге асыру білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін әр түрлі үйлесімділіктегі дайындықты құрайтын оқытудың интербелесенді тәсілдерін пайдаланған кезде мүмкін болады.

8. Оқу процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін білім алушының шынайы шығармашылық процесіндегі қарым-қатынас үлгісіне айналдырады.

9. Қазіргі кезеңде білім алушының өздігінен білімді игеруі үшін оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде білім алушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

10. Бағдарламада «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің мағынасын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары білім алушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын

үлесін айқындайды.

11. Оқу пәнінің мазмұны ұсыным сипатында болады, мұғалім сыныптағы әрбір білім алушының мүмкіндігі мен білім алуудағы ерекше қажеттіліктеріне сәйкес оқу қарқыны мен мазмұнына кез-келген өзгерістер ендіре алады.

12. Күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және білім алушылардың меңгерген білім, икемділік және дағдыларын кез келген оқу және өмір жағдаяттарында пайдалану даярлығын қалыптастыруға, табысқа жетуге табандылықты дамытуға, өмір бойы оқып білуге уәждеуге бағдарланған.

13. Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты білім берудің басты құндылықтарына білім алушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болады.

14. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың оқу процесін ұйымдастыру тәсілдемесінің негізінде ақыл-ой дамымауы айқын байқалатын тұлғалардың өмірін ұйымдастырудың негізін қалаушы идея ретінде бүкіл әлемде қабылданған «қалыптандыру» педагогикалық тұжырымдамасы жатыр. Осы тұжырымдамаға сәйкес білім алушы түзету педагогикалық шаралардың барлық жүйесін жобалаған кездегі негізгі және жалғыз есептеу нүктесі болып табылады.

15. Жоспарланған педагогикалық шаралар білім алушылармен тікелей жүргізілетін жұмыстарды ғана емес, сондай-ақ қоршаған ортаның қайтадан құрылуын, әрбір білім алушының өзіндік әрекетін ынталандыратын жағдайды тудыруды да қамтиды.

16. Әрекеттердің мазмұны мұғалімге оқытудың жеке бағдарламасын құру үшін бағдар болып табылатын оқу бағдарламаларында ашып көрсетіледі. Оқытудың жеке бағдарламасын құру үшін білім алушыны бақылап, оның қажеттілігі мен мүмкіндігін көрсететін болмашы белгілер байқалады.

17. «Қалыптандыру» тұжырымдамасының негізінде орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды арнайы мектеп жағдайында оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру қағидалары қалыптастырылған.

18. Білім алушылардың жеке қарқында даму құқығын мойындау қағидасы әрбір баланың бірегей ерекшеліктерін сақтауға мүмкіндік береді. Бұл қағиданы сақтау баланы оқытудың жеке бағдарламасының мазмұнын анықтау мақсатында оның мүмкіндіктері мен даму деңгейін тұрақты түрде зерделеуді талап етеді. Дамудағы және дағдыларды меңгерудегі кез келген, тіпті сәл ғана байқалған алға басу оқытудағы жағымды нәтиже болып есептеледі.

19. Педагогтың әрбір білім алушыны оқытудың мазмұнын, тәсілдерін, түрін, дидактикалық құралдарды олардың жеке мүмкіндіктері мен білім

берудегі және жеке тұлғалық жетістіктерін мониторингілеу нәтижесін есепке ала отырып, өздігінен таңдау қағидасы.

20. Білім алушыларда тәжірибелік әрекеттер мен әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті мектептік ортаны құру қағидасы:

1) икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру оларды пайдалануға болатын жағдайларға барынша жақын жағдайларда жүзеге асырылуға тиісті;

2) білім алушылармен сабақ өтетін жайлар әр түрлі өмірлік жағдаяттарды бейнелейтін кеңістікке айналдырылуға тиісті;

3) мектептегі әлеуметтік-тұрмыстық және заттық-дамытудың жайлы ортасы орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жас ерекшелігі мен физиологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып (демалыс, қимыл белсенділігі мен санитарлық-гигиеналық шаралар және жабдықталған кеңістіктер) құрылады.

21. Ойлау, сөйлеу тілі мен коммуникацияны әлеуметтендіру құралы ретінде дамыту қағидасы. Сөйлеу тілін түсінуді кеңейту, қарым-қатынастың сөздік және сөздік емес құралдарын қалыптастыру, білім алушылардың көрнекілік-әрекеттік ойлауын дамыту бойынша жұмыстар бірізділікпен құрылады.

22. Оқу-тәрбие процесінің әлеуметтендіру бағыттылығы қағидасы. Білім алушылардың ерекшеліктеріне барынша бейімделген оқыту және тәрбиелеу ортасының оқшау болуына және олардың қалыпты дамыған құрдастарымен өзара әрекеттенуінің шектелуіне байланысты білім алушыны күрделі қоғамдық ортаға ендіру арнайы жұмысты талап етеді:

1) білім алушылардың өмірлік тәжірибесін және әлеуметтік қарым-қатынасын олар үшін қолжетімді шамада кезең-кезеңмен және жоспарлы түрде кеңейту;

2) білім алушының қоғамға ауыртпалықсыз кіруі үшін шыдамды және мейірімді қоршаған ортаны қалыптастырылады. Осы мақсатта мектептегі баланың жанұясымен және қоғаммен жоспарлы түрдегі жұмыс қарастырылады.

23. Оқыту процесі мазмұны жағынан да, сонымен бірге ұйымдастыру түрі жағынан да қатал реттелуі мүмкін емес.

24. Оқыту процесінде келесідей әдіс-тәсілдерді пайдалану тиімді:

1) бала мен ересек адамның бірлескен әрекеті, еліктеу бойынша әрекеттену (әсіресе оқытудың бастапқы кезеңінде);

2) білім алушының әсіресе сәндік сурет салу сабақтарындағы үлгі бойынша әрекеттері;

3) бейнелерді сұлбасы бойынша бояу;

4) бейнеленетін заттың бір тұтас бейнесін беру үшін қима үлгілерді салу және бойымен жүргізу тәсілдерін пайдалану;

5) затты алдын ала қолмен және қарау арқылы зерделегеннен, «суретін салғаннан» кейін суретті тікелей заттың өзіне қарап отырып орындау;

6) арнайы таңдап алынған суреттерді, халық ойыншықтарын алдын ала қарау, өздігінен атау, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша көрсету.

25. Білім алушының мүмкіндігіне қарай оқыту барысында материалдың өту қарқынын баяулатуға немесе арттыруға болады. Сабақты өткізу барысында білім алушылардың ұсынылған әрекетке деген қызығушылығын қолдауға, оларды тапсырманы орындауға бағдарлауға, оларды сабақ бойы алып жүруге көмектесетін ойын сәттерін ендіру, ойын кейіпкерлерінің қатысуы жағымды әсер етеді.

26. Классикалық музыка бейнелеу өнері сабағының маңызды элементі болып табылады. Ол ерекше көңіл күй тудырып, сурет салу процесін ырғақты ұйымдаструға көмектеседі, салынатын бейненің мәнерлілігін күшейтеді және оларды ойынмен байланыстырады.

27. Ұсынылған мазмұн оқу жылдары бойынша бөлінеді, мұғалім әрбір сыныпты оқыту мазмұнын сол сыныптағы білім алушылардың даму деңгейі мен психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып таңдайды.

28. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау шараларына қойылатын талаптар гуманизм идеяларына, мектептік оқу табиғатының сәйкестігіне шартты болады.

29. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жеке оқу бағдарламасында тұжырымдалған міндеттер олардың оқудағы жетістіктерін бағалау үшін пайдаланылады.

30. Бейнелеу әрекетін бақылау және білім алушылардың әрекеттерінің өнімін зерделеу бағалау әрекеттері болып табылады.

31. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін білім алушының жетістіктерінің сапалық көрсеткіші болып табылатын сипаттамалық бағалау пайдаланылады.

32. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін критериялды сипаттамалық бағалау тәсілін қолдану педагогтардың бағалау әрекеттерінің әділ болуына мүмкіндік береді.

33. «Бейнелеу өнері» пәнін оқыту кезінде курстың тәжірибелік бағытын күшейту тиімді болады. Оқу материалының басым бөлігі тәжірибелік тапсырмаларды орындауға беріледі.

34. Педагогикалық тәсілдемені жүзеге асыру оқыту мен үйретудің төмендегідей әр түрлі стратегияларын пайдалануды көздейді:

- 1) мұғалім мен білім алушының арасында сенімділік атмосферасын құру;
- 2) әрбір білім алушының пікірін тыңдау;
- 3) білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес келетін, мұқият таңдалған тапсырмалар мен әрекеттер түрлерінің көмегімен оларды ынталандыра және дамыта оқыту;
- 4) білім алушылардың жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып, сараланған тапсырмаларды құру;
- 5) білім алушылардың жеке, топтық әрекеттерін және бүкіл сынып жұмысын ұйымдастыру.

35. Аталған пәнді оқыту процесінде білім алушылардың ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану дағдыларын дамыту үшін

жағдай жасалады:

- 1) білім алушылардың білімін кеңейту үшін мультимедиалық қорды пайдалану;
- 2) белсенді оқытуды ұйымдастыруды техникалық қолдауға арналған интербелсенді тақталарды пайдалану.

3 - тарау. «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

36. «Бейнелеу өнері» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта аптасына – 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 2) 6-сыныпта аптасына – 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 3) 7-сыныпта аптасына – 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 4) 8-сыныпта аптасына – 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 5) 9-сыныпта аптасына – 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

37. 5-сыныпқа арналған «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) бейнелеу өнері туралы теориялық мәліметтер. Суреттер – пейзаждар. Қазақтың ұлттық оюы;

2) сәндік сурет салу. Жолақтағы өрнек. Шаршыдағы өрнек. Қар ұшқыны (қимаулігі бойынша). Кілемге арналған өрнектерді құру (қарындаш, гуашь). Үшбұрыштағы өрнек. Дөңгелектегі өрнек. Жапсырмақұрақ;

3) тақырыптық сурет салу. Ермексазбен сурет салу (дайын нобай бойынша). Дайын қарапайым заттық боямаларды бояу. Күзгі ағаш (қарындаш, акварель). Қысқы орман (қарындаш). Мерекелік отшашу (қарындаш, балауыз борлар, акварель). Наурыз (қарындаш, акварель). Аққала. Жаңа жыл (шырша, шарлар);

4) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу (қимаулігілердің көмегімен. Емен жапырағы (қарындаш, акварель). Көкөністер мен жемістердің нобайы (қарындаш, акварель). Жүк машинасы (қарындаш, акварель). Ойыншық автобус (қарындаш, акварель). Құламайтын ойыншық. Жайылатын пирамидка (қарындаш, гуашь). Құрылыс материалдары элементтерінен салу (қарындаш, акварель). Қырыққабат көбелегі (қарындаш, акварель). Көктемгі гүлдер гүлшоғы (қарындаш, акварель).

38. 6- сыныпқа арналған «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) бейнелеу өнері туралы теориялық мәліметтер. Пейзаж. Натюрморт. Жалпы қарапайым мәліметтер. Қазақтың дәстүрлі кәсіптері;

2) сәндік сурет салу (10 сағат). Қазақтың «Шексіз» оюы (жапсырмақұрақ). Қазақтың «Шілтерлі» оюы (жапсырмақұрақ). Жолақта өрнек құрау (қарындаш, гуашь). Шаршыда өрнек құрау (қарындаш, гуашь). Өздігінен жолақта өрнек құрау (қарындаш, гуашь). Карнавалдық көзілдіріктер. Мерекелер мен айтулы даталарға арналған ашық хаттар;

3) тақырыптық сурет салу. Ойыншықтар дүкенінде (қарындаш, акварель). Қысқы орман (қарындаш, гуашь). Наурыз (қарындаш, акварель). Көктемгі көңіл күй (қарындаш, акварель). Жапсырмақұрақ. Мүсіндеу;

4) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу. Үйеңкі жапырағы (қарындаш, акварель). Сүйікті жұмсақ ойыншығым (қарындаш, акварель). Өсімдігі бар гүлсауыт (қарындаш, акварель). Жол белгілері (қарындаш, гуашь). Балықтар (қарындаш). Қазақтың дәстүрлі киімдері, бас киімдері (қарындаш, акварель). Қараторғай үйшігі (қарындаш, акварель). Қоңыздар (симметрия), (қарындаш, акварель). Шегіртке (симметрия), (қарындаш, акварель). Көктемгі гүлдердің суреттемесі. Сауыттағы көктемгі гүлдер (қарындаш, акварель).

39. 7- сыныпқа арналған «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) бейнелеу өнері туралы теориялық мәліметтер. Қазақтың дәстүрлі кәсіптері. Бейнелеу өнерінің жанрлары мен түрлері. Сәндік-қолданбалы өнер. Сәнді сурет салудың күнделікті өмірде қолданылу рөлі;

2) сәндік сурет салу. Қазақ оюын дөңгелекте құрау (табаққа сурет салу эскизі), (қарындаш, гуашь). Жолақта өрнек құрау (қарындаш, гуашь). Жаңа жылдық ашық хат (қарындаш, акварель). Карнавалдық бетперде жасау. Қазақ оюын тікбұрышта құрау (сырмақ эскизі), (қарындаш, гуашь немесе жапсырмақұрақ). Көркем шығарманы иллюстрациялау (қарындаш, акварель). Дәстүрлі тұрмыстық заттар, оларды әшекейлеу (қарындаш, гуашь);

3) тақырыптық сурет салу. Күз басы (қарындаш, акварель). Дала (қарындаш, акварель). Табиғаттың күзгі сыйы (қарындаш, акварель). Цилиндр пішінді көлемді зат (қарындаш, акварель). Менің үйім. Біздің мектеп. Жайлау (қарындаш, акварель). Терезе сыртында көктем (қарындаш, акварель). Жаз келді! (қарындаш, акварель). Мерекелер және айтулы даталар;

4) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу. Жемістер (қарындаш, акварель). Көкөністер (қарындаш, акварель). Дағыра (қарындаш, гуашь). Кофейник (қарындаш). Құрамдастырылған пішінді зат және оны өрнекпен безендіру (торсық), (қарындаш, гуашь). Құстар (қарындаш);

40. 8- сыныпқа арналған «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) бейнелеу өнері туралы теориялық мәліметтер. Бейнелеу өнерінің жанрлары мен түрлері. Халық шығармашылығы. Алтын адам. Графика (кітаптық иллюстрация, плакат). Қазақстанның сурет галереясы. Ұлы суретшілер. Қазақстан халықтарының сәндік-қолданбалы өнері;

2) сәндік сурет салу. Қазақ оюын дөңгелекте құрау (табаққа сурет салу эскизі), (қарындаш, гуашь). Жолақта өрнек құрау (қарындаш, гуашь). Жаңа жылдық ашық хат (қарындаш, акварель). Карнавалдық бетперде жасау. Қазақ оюын тікбұрышта құрау (сырмақ эскизі), (қарындаш, гуашь немесе жапсырмақұрақ). Көркем шығарманы иллюстрациялау (қарындаш, акварель). Дәстүрлі тұрмыстық заттар, оларды әшекейлеу (қарындаш, гуашь);

3) тақырыптық сурет салу. Ыдысқа арналған қазақ оюы (қарындаш, гуашь). Ер адамның бас киіміне арналған қазақ оюы (қарындаш, гуашь). Мерекелер және айтулы даталар. Қазақтың «Сызықты» оюы (қарындаш, кара

тушь). Қазақ оюын пайдалана отырып, түксіз кілемге ою құрастыру. Қазақтың «Кесіп алынған» оюы (жапсырмақұрақ). Басқұрға арналған оюлардың эскизін құрастыру (гуашь немесе жапсырмақұрақ);

4) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу. «Қазақтың ұлттық ыдыс-аяғы» (қарындаш, акварель). Тікбұрыш пішінді көлемді зат (қарындаш, акварель). Қазақтың ұлттық музыка аспаптары (қарындаш, акварель). Конус пішінді көлемді зат (қарындаш, акварель). Күрделі пішінді зат (құрамды), (қарындаш, акварель). Шар тәрізді пішінді зат (қарындаш).

41. 9- сыныпқа арналған «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) бейнелеу өнері туралы теориялық мәліметтер. Бейнелеу өнерінің жанрлары мен түрлері. Халық шығармашылығы мұражайында. Экскурсия. Бейнелеу өнері түріндегі архитектура. Әлем халықтарының сәндік-қолданбалы өнері. Әлемнің ірі мұражайлары;

2) сәндік сурет салу. Киімге арналған қазақ оюлары (қарындаш, гуашь). Ер адамның бас киіміне арналған қазақ оюын сәндік салу (қарындаш, гуашь). Жаңа жылға арналған плакат (қарындаш, гуашь). Қазақтың «Шілтерлі» оюы. Қазақтың «Шексіз» оюы (жапсырмақұрақ). Өрнекті лента эскизін жасау (қарындаш, гуашь). Әйел адамның бас киіміне арналған қазақ оюын сәндік салу (қарындаш, гуашь);

3) тақырыптық сурет салу. Күзгі қала (қарындаш, акварель). Туған дала (қарындаш, акварель). Тауда (қарындаш, акварель). «Жайлаудағы көктем» пейзажы (қарындаш, акварель). Мектеп ауласы (қарындаш, акварель). Мерекелер және айтулы даталар;

4) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу. Қазақтың ұлттық ыдыс-аяғы (қарындаш, акварель). Тікбұрыш пішінді көлемді зат (қарындаш, акварель). Ыдыстағы жемістер (қарындаш, акварель). Цилиндр пішінді көлемді зат (қарындаш, акварель). Қазақтың ұлттық музыка аспаптары (қарындаш, акварель). Конус пішінді көлемді зат (қарындаш, акварель). Менің бөлmem. Біздің сынып (қарындаш, акварель). Натюрморт «Дастархан» (қарындаш, акварель). Күрделі пішінді зат (құрамды) (қарындаш, гуашь). Адамдар. Қымыз ішуге арналған ыдыстарға қарап сурет салу (қарындаш, акварель).

42. «Бейнелеу өнері» пәнінің мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер күтілетін нәтижелер түріндегі сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерге бөлінген.

43. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікті сақтай отырып құрастырылған оқу мақсаттары мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оларға оқудың келесі кезеңдерінен хабардар болуға мүмкіндік береді.

44. Бағдарлама келесідей бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім «Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту»;
- 2) 2-бөлім «Шығармашылық жұмыстарды құру және жасау»;
- 3) 3-бөлім «Шығармашылықты жобалау».

45. «Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту» бөлімі келесідей

бөлімшелерді қамтиды:

- 1) бейнелеу өнері туралы теориялық мәліметтер;
- 2) әлем халықтарының мәдениеті мен салт-дәстүрі;
- 3) сезімді білдіру және идеяны пайдалану.

46. «Шығармашылық жұмыстарды құру және жасау» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сәндік сурет салу;
- 2) тақырыптық сурет салу;
- 3) тікелей заттың өзіне қарап сурет салу;
- 4) орындау техникасы;
- 5) жоспарлау.

47. «Шығармашылықты жобалау» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) презентация;
- 2) шығармашылық жоба.

4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

48. Оқыту мақсаттарының мазмұны: Бағдарламада оқу мақсаттарын тиімділігі үшін кодтық белгі енгізілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сынып, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшені, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 8.2.1.2 кодындағы «8» – сынып, «2.1» – бөлімше, «2» – оқу мақсатының реттік саны.

49. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

- 1) «Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту»:
1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.1 Бейнелеу өнері туралы теориялық мәліметтер	5.1.1.1 жанр ретінде пейзаж туралы қарапайым түсінік болу; 5.1.1.2 кітаптардың иллюстрациясынан	6.1.1.1 сәулетті көрініс заңы (көкжиек сызығы, алдыңғы және артқы план) туралы қарапайым білім болу; 6.1.1.2	7.1.1.1 бейнелеу өнерінің жанрлары мен түрлері туралы қарапайым түсінік болу; 7.1.1.2 атақты суретшілердің кейбір	8.1.1.1 суретті мәнерлеу құралдары (нүкте, штрих, сызық) туралы түсінік болу; 8.1.1.2 сәндік-қолданбал	9.1.1.1 өнер шығармаларының түрі мен жанрына сәйкес ерекше белгілерін анықтау; 9.1.1.2 сурет салудағы

	<p>және суреттердің репродукциясынан жыл мезгілдеріне тән белгілерді тану; 5.1.1.3 иллюстрациядағы заттардың, өсімдіктердің, жануарлардың бейнелерін тану және ажырату.</p>	<p>бейнелеу өнерінің жанры ретіндегі натюрморт туралы қарапайым түсінік болу.</p>	<p>суреттерінің атуын білу; 7.1.1.3 бейнелеу өнерінің жанры ретіндегі мүсін туралы қарапайым түсінік болу; 7.1.1.4 бейнелеу өнерінде пайдаланылатын кейбір материалдармен таныс.</p>	<p>ы өнердің шығармаларының айырмашылықтары туралы түсінік болу; 8.1.1.3 бейнелеу өнеріндегі ең бір атақты шығармалардың авторларын білу және олардың жұмыстарын атау; 8.1.1.4 түстердің жарыққа, күннің жарығына, кеш батқан кезге, бұлтты ауа райына тәуелді өзгеретіндігі туралы түсінік болу.</p>	<p>бейнеліліктің негізгі құралдары (түс, композиция) туралы түсінік болу; 9.1.1.3 еліміздегі және әлемдегі ірі мұражайлар туралы түсінік болу; 9.1.1.4 оюды құраған кездегі түстің маңызы туралы түсінік болу.</p>
--	---	---	--	---	--

1.2 Әлем халықтары ның мәдениеті мен салт- дәстүрі	5.1.2.1 қазақ ұлттық оюлары туралы түсінік болу.	6.1.2.1. қазақтың дәстүрлі кәсіптері туралы түсінік болу.	7.1.2.1 сәндік сурет салудың күнделікті өмірдегі қолданыс рөлі туралы түсінік болу.	8.1.2.1 ұлттық сәндік- қолданбал ы өнер туралы түсінік болу.	9.1.2.1 әлемнің әр түрлі халықтарын ың сәндік- қолданбалы өнері туралы түсінік болу.
1.3 Өнер туындысы нан алған сезімді эмоциялы қ тұрғыда және сөзбен білдіру	5.1.3.1 суретте бейнелен ген тұлғалард ың эмоциялы қ жағдайын анықтау; 5.1.3.2 суреттің мазмұны туралы берілген сұрақтарғ а жауап беру; 5.1.3.3 кеңістікті қ қатынаст ы білдіретін сөздерді қолдану.	6.1.3.1 суретте бейнеленге н тұлғаларды ң эмоциялық жағдайын анықтау 6.1.3.2 шығарма жанрын тану; 6.1.3.3 өнер туындысын ан немесе халық шығармаш ылығынан алған эмоциялық сезімін сөзбен білдіру	7.1.3.1 суреттегі бастыны табу, суреттің мазмұнын айту, бейнелеу өнері туындылар ына эмоциялық- эстетикалы қ қатысты өз пікірін білдіру; 7.1.3.2 жылы және суық реңк туралы түсінік болу, көңіл күйді, эмоциялық жағдайды көтері үшін оларды суретте қолдана алу	8.1.3.1 өнер туындысы н мақсатты бағытытыл ықпен қабылдау және оларға қатысты өз пікірін білдіру, авторын атау.	9.1.3.1 суреттің мазмұнын талдау, өнер туындысын а қатысты өз пікірін білдіру, 9.1.3.2 шығармаш ылық кәсіптер және кәсіби мамандықта р туралы түсінік болу.

2) «Шығармашылық жұмыстарды құру және жасау»:
2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
2.1 Қоршаған әлемді бейнелеу	5.2.1.1 қимаұлгінің көмегімен жолақтағы, шаршыдағы, дөңгелектегі геометриялық пішіндерден жасалған және өсімдік тәрізді өрнектердің бойымен жүргізу және суретін салу; 5.2.1.2 өзінің бақылауын суретте бейнелеу	6.2.1.1. қимаұлгінің көмегімен геометриялық пішіндерден құралған және өсімдік тәрізді өрнектердің суретін жолақта, шаршыда, дөңгелекте салу; 6.2.1.2 суретте мұғалім атаған қарапайым оқиғаға тән белгілерді бере білу; 6.2.1.3 көліктің суретін салу; 6.2.1.4 карнавалдық бетперде жасау	7.2.1.1 қимаұлгінің көмегімен қазақ оюын құрастыру және суретін салу; 7.2.1.2 суретте байланыстырылған мазмұнды; оқығаннан алған әсерді бере білу; 7.2.1.4 өсімдіктер мен жануарлардың суретін салу	8.2.1.1 киімге, киіз үйге арналған қазақ оюының эскизін құру; 8.2.1.2 суретте байланыстырылған мазмұнды беру; сюжеті құру үшін негізгілерді таңдау; 8.2.1.3 суретте әдебиет бейнелері туралы өзінің түсінігін бейнелеу; 8.2.1.4 қысқы киімдегі адамның суретін салу	9.2.1.1 құрудың әртүрлі тәсілдерін пайдалана отырып әртүрлі геометриялық пішіндерден өрнек құрастыру; 9.2.1.2 тақырыпқа сәйкес материалдарды таңдау; 9.2.1.3 мектептік шараларды безендіруге қатысу; 9.2.1.4 адамдардың суретін сала білу
2.2 Орындау технологиясы	5.2.2.1 қарапайым пішінді қимаұлгілердің	6.2.2.1 симметриялық пішінді заттарды	7.2.2.1 суреттің дұрыстығын тексеру үшін	8.2.2.1 бейнеленетін заттардың пішінін, құрылысын,	9.2.2.1 тақырып бойынша суреттерде кеңістіктік

	<p>бойымен қарындаш пен жүргізу; 5.2.2.2 нүктелерді қосу, қолмен тік, көлденең және тұйық сызықтарды жүргізу; 5.2.2.3 қағаз бетінде бағдарлау; 5.2.2.4 суретте заттың негізгі пішінін кеңістіктік жағдайда беру, мұғалімнің көмегімен олардың геометриялық пішіндермен ұқсастықтарын анықтау; бейнеленетін заттардың салыстырмалы шамаларын беру; 5.2.2.5</p>	<p>анықтау және олардың суретін салу; 6.2.2.2 заттардың кеңістіктегі қатынасын есепке ала отырып, шамалық арақатынасын беру; 6.2.2.3 бояумен жұмыстың қарапайым тәсілдерін пайдалану, фонды бояу; 6.2.2.5 бояуға су немесе ақ бояу қосу арқылы түс қанықтығын азайту; 6.2.2.6 бейнелеу: заттардың пішінін, олардың құрылысын және пропорциясын (ұзындықтың еніне және</p>	<p>қарапайым көмекші сызықтарды пайдалану; 7.2.2.2 жұмысты орындауға арналған материалды өздігінен таңдау; 7.2.2.3 бейнеленетін заттардың түсін және оны көлемді пішінде бере білу; сәндік сурет салуда түстерді үйлестіре білу; 7.2.2.4 өзінің суретін бейнеленетін затпен салыстыру, қателерін түзету, затқа сәйкес келетін түсті таңдау; 7.2.2.5</p>	<p>көлемін, түсін және кеңістіктегі орнын талдау және бере білу; 8.2.2.2 сурет салғанда көмекші сызықтарды пайдалану; 8.2.2.3 бейнелеу өнерінде пайдаланылатын материалдардың (гуашь, акварель), ерекшеліктерін білу; 8.2.2.4 әуелік көрініс заңдарын пайдалану.</p>	<p>композицияны жүзеге асыру; ; 9.2.2.2 суреттің көру тереңдігі туралы түсінігі болу: бірінші план, екінші план; 9.2.2.3 бейнелеу нысанды өздігінен талдау, оның пішінін, құрамдас бөліктерінің көлемін, түсі мен кеңістіктегі жағдайын анықтау; 9.2.2.4 суреттің кеңістіктік композициясын суреттің элементтері бірін-бірі теңестіріп тұратындай етіп жүзеге асыру.</p>
--	---	---	---	--	--

	бейнелеу нысандарын талдау: пішінін, түсін анықтау, құрамдас бөліктерінің көлемін салыстыру; бейненің шамасын қағаз көлеміне қарай анықтау; 5.2.2.6 қылқаламды пайдалану; сурет бөліктерін бейненің нобайынан шықпай, штрих бағытын сақтай отырып бояу	бөліктердің бүтінге арақатынасын) салыстыру; негізгі түсі ақ және ашық түстегі көлемді заттар.	заттарды ашық кеңістікте орналастыру		
2.3 Жоспарлау	5.2.3.1 сурет салғанда, жапсырма құрақ жасағанда, мүсіндегенде әрекеттердің дәйектілігін сақтау	6.2.3.1 затты оның жалпы пішінін, бөліктерінің байланысын, түсін анықтай отырып дәйектілікпен	7.2.3.1 суретті орындаудың мақсатқа сәйкес дәйектілігін сақтау	8.2.3.1 суретті белгілі бір дәйектілікпен (жалпыдан жекелерге) орындау, жұмысты алдын ала жоспарлау; 8.2.3.2 терминдерді	9.2.3.1 бейнені белгілі бір дәйектілікпен (жалпыдан жекеге, жекеден жалпыға) құрастыра білу; 9.2.3.2 алдағы

		талдау; 6.2.3.2 жұмысты алдын ала жоспарлау		пайдалана отырып, жоспар бойынша жұмыс туралы есеп беру	әрекеттерді жоспарлау
--	--	---	--	---	--------------------------

3) «Презентация және талдау»:
3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
3.1 Презентация	5.3.1.1 өзінің жұмысын (эскиз, сурет) көрсету.	6.3.1.1 жұмысты оны орындау тәртібін түсіндіре отырып көрсету.	7.3.2.1 жұмысты оның мазмұнын түсіндіре отырып көрсету	8.3.2.1 жұмысты оны орындау тәртібін, мазмұнын түсіндіре отырып көрсету	9.3.2.1 жұмысты оны орындау тәртібін, мазмұнын, орындау техникасын түсіндіре отырып көрсету
3.2 Талдау	5.3.2.1 жұмысты ұжым болып талдау	6.3.2.1 жұмыс сапасын мұғалімнің сұрақтары бойынша талдау	7.3.2.1 жұмысты ұсынылған қарапайым жоспар бойынша талдау	8.3.2.1 жұмысты ұсынылған толық жоспар бойынша талда	9.3.2.1 жұмысты ұсынылған толық жоспар бойынша талдау

50. Мұғалім ұзақ мерзімді жоспарды сыныптағы білім алушылардың психофизикалық және ақыл-ой даму ерекшеліктеріне байланысты олардың мүмкіндіктерін ескере отырып, тоқсандар бойынша өзі әзірлейді.